



БҰЙРЫҚ

24.11.2016 № 409

Қостанай қаласы

ПРИКАЗ

город Костанай

**Банкроттық басқарушысын
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының 15-бабының 2) тармақшасына сәйкес, «Сорочинское 2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін (бұдан әрі - ЖШС) банкрот деп тану туралы 2016 жылғы 21 қазандағы Қостанай облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімі және 2016 жылғы 16 қарашадағы «Сорочинское 2030» ЖШС-ның кредиторлар жиналысының хаттамасының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Айгуль Кайргельдиновна Мустафина «Сорочинское 2030» ЖШС-ның (БСН 020540003838) банкроттық басқарушысы болып тағайындалсын.

2. «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарына сәйкес А.К.Мустафинаға банкроттық басқарушысының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы А.К.Мустафина «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысының
міндетін атқарушы



Т. Арысбаев